

**Қазақстан Республикасы орта білім берудің жаңартылған мазмұны
шеңберіндегі «Орыс тілі мен әдебиеті (Т2) оқытушыларының кәсіби
біліктілігін жетілдіру»
педагогтардың біліктілігін арттырудың қысқамерзімді курстары
(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлері үшін)
білім беру бағдарламасы**

МАЗМҰНЫ

№	Тарау	бет
1.	Жалпы ережелер	1
2.	Глоссарий	3
3.	Бағдарламаның тақырыбы	5
4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	9
6.	Оқу процесін ұйымдастыру	11
7.	Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі	13
8.	Оқыту нәтижелерін бағалау	13
9.	Курстан кейінгі қолдау	14
10.	Әдебиеттер тізімі	15
11.	1-қосымша	17
12.	2-қосымша	20
13.	3-қосымша	24
14.	4-қосымша	25
15.	5-қосымша	29

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде «Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру (Т2)» педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының **білім беру бағдарламасын** (бұдан әрі - Бағдарлама)» Study Inn халықаралық сертификаттау және біліктілікті арттыру орталығы» (бұдан әрі – «Study Inn» ХСЖБАО) әзірледі.

1.2. Бағдарламаның мақсаты: орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру (Я 2), жаңа кәсіби білім, білік, дағдыларды игеріп, сондай-ақ бұрын игергендерді қолдау, кеңейту, тереңдету.

1.3. Бағдарламаның өзектілігі орнықты даму мақсаттарына және Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі алдында тұрған қазіргі заманғы сын-қатерлер спектріне негізделген. Өткізілген Республикалық

мұғалімдер съездері шеңберінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, білім беру тақырыптары, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, практикалық бағыттылықты, тәрбиелік компонентті күшейту қажеттігі;

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби дамуының жеткіліксіз деңгейі;

- IT-құзыреттіліктерді, сыни ойлау, тайм-менеджмент дағдыларын дамыту бойынша педагогтердің біліктілігінің жеткіліксіз деңгейі;

- в регионах не ведется планомерная работа по реализации рекомендаций по итогам международных и мониторинговых исследований;

- алдын алу шараларын қабылдау үшін білім басқармалары деңгейінде тәуелсіз бағалаудың өңірлік жүйелері жоқ» екені атап өтілді¹.

1.4. **Бағдарлама** тілдік білім беру саласында келесідей пәндерді оқытатын педагогтердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру болып табылатын «STUDY INN» халықаралық білім беру холдингінің Жарғысына сәйкес **әзірленді**: «Русский язык», «Русская литература», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Русский язык и литература», «Шет ел тілі» (ағылшын, неміс тілдері). Бағдарлама келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;

- 3. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы [№ 175](#) бұйрығы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № 384 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 тамызда № 29446 болып тіркелді;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы [№ 95](#) бұйрығы. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейін қолдауды ұйымдастыру және жүргізу қағидалары» Қағида жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.10.2022 [№ 415](#) бұйрығымен;

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы [№125](#) Бұйрығы (Үлгі

¹ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған [Тұжырымдамасын](#) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.

қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96 бұйрығымен);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы [№348](#) бұйрығы;

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің [№500](#) бұйрығы;

- ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген және Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының <https://nao.kz/> сайтында орналастырылған үлгілік оқу бағдарламалары;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің [№83](#) бұйрығы (Қағида жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022.12.30 ж. № 533 бұйрығымен).

1.5. Мектеп оқытушысының біліктілігін арттыру - меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымының штаттық оқытушысының функционалдық міндеті.

1.6. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары (бұдан әрі - Курстар):

- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- орта білім беру (жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру) деңгейлері бойынша құрылымдалады.

1.7. Бағдарламаның қолданылу мерзімін уәкілетті орган бекітеді.

2. ГЛОССАРИЙ

Аралық бағалау - білім алушылардың оқу пәнінің белгілі бір бөлігінің, бөлімінің, модулінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Бағалау - білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін әзірленген критерийлер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелерімен салыстыру процесі.

Бағалау критерийлері - олардың негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланатын белгілер.

Біліктілік - кәсіби қызметтің тиісті түрі шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті кәсіби білім, білік, дағдылар мен жұмыс тәжірибесінің жиынтығы.

Жасанды интеллект (ЖИ) – бұл әр түрлі мәселелерді адам тәрізді шешудің мүмкіндіктері бар инновациялық технология, ЖИ іс - әрекетте адамның интеллектіне еліктейді, ол суреттерді тани алады, өлең жазады және мәліметтер негізінде болжам жасай алады.

Интерактивті оқыту технологиясы - білім мен дағдыларды игеру процесінде оқушылардың оқытушымен де, бір-бірімен де өзара әрекеттесуіне бағытталған инновациялық технология.

Кәсіби құзыреттілік – негізін педагогикалық білік пен дағдылар құрайтын педагогтің педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігі.

Коллоквиум – білім алушылардың білімін тексеру және бағалау нысаны ауызша, оқытушымен өткен тақырыптарды талқылау түрінде жүргізіледі.

Курстан кейінгі мониторинг – педагогикалық практиканың нақты жай-күйін курстар бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен, оның ішінде қашықтық режимде салыстыру мақсатында сертификатталған педагогтердің курстан кейінгі қызметін бақылау және бағалау жүйесі.

Қорытынды бағалау - біліктілікті арттырудың қысқа мерзімді курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі.

Құзыреттілік тәсіл - оқушылардың белгілі бір құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық стратегия; білім беру процесін арнайы ұйымдастыруда, оқытудың мазмұнын, формаларын, әдістері мен құралдарын таңдауда көрінеді.

Құндылықтар - өмірдегі ең маңызды және мәні бар идеялар, негіздемелер мен сенімдер; олар әлемді көруді, мінез-құлықты, шешімдерді, басқалармен қарым-қатынасты қалыптастырады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас - әртүрлі мәдени қоғамдардың өкілдері арасындағы байланыс. Мұндай қарым-қатынас қабілеттері шет тілдік сөйлеу этикетінің ерекшеліктерімен танысқан кезде тіл практикасы, лингвистикалық елтану сабақтарында қалыптасады.

Оқытудың күтілетін нәтижелері - оқу процесі аяқталғаннан кейін білім алушының нені білетінін, түсінетінін, көрсететінін білдіретін құзыреттер жиынтығы.

Педагог - тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік сүйемелдеу немесе ұйымдастыру жөніндегі педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

Педагогтердің біліктілігін арттыру - сабақ беру мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік білім, білік, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны.

Педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымы - үздіксіз білім беру жүйесінде педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйым.

Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу - педагогтің курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

Сертификат – кәсіптік оқытудың белгілі бір тақырыбы, нысаны, мазмұны және ұзақтығы бойынша біліктілікті арттырудың қысқамерзімді және ұзақ курстарынан өту қорытындылары бойынша берілетін құжат.

Сертификатталған жаттықтырушы - жаттықтырушыларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткен және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын тұлға.

Сыни тұрғыдан ойлау - ақпаратты жан-жақты талдай білу және объективті қорытынды жасау, өз көзқарасын негіздеу.

Сыртқы қорытынды бағалау - біліктілікті арттырудың ұзақ курстары бағдарламасының талаптарына сәйкес педагогтің біліктілік деңгейі мен құзыреттілігін растау рәсімі.

T1 – мақсатты бірінші тіл. Ана тілі. Барлық пәндер оқытылатын тіл.

T2 – оқыту тілі емес тіл; ана тілі емес.

Текстоцентристік тәсіл - педагогикалық стратегия, орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесіндегі тәсіл, білім беру процесінің негізгі бірлігі ретінде оқу мәтінін қолдануға негізделген; сабақтағы сөйлеу әрекеті мен тілдің, ауызша сөйлеу мен жазудың, практика мен теорияның арақатынасын жаңа жолмен анықтайды.

Тестілеу - тестілеуді ұйымдастыруды, жоспарлауды, әзірлеуді, тестілеуді тікелей орындауды және алынған нәтижелерді талдауды қамтитын білім сапасын бақылау әдістерінің бірі.

Тілді меңгеру деңгейі - бұл үшін бөлінген оқу уақытының ішінде оқушылардың үйренген тілді меңгерудегі жетістік дәрежесін сипаттайтын әдістеме категориясы. ТМД көрсеткіші оқушының коммуникативті құзыреттілігі, бұл оның тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану білігі мен қабілеттілігін көрсетеді.

Тыңдаушы - біліктілікті арттыру курстарынан өтетін тұлға.

Функционалдық сауаттылық — адамның өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін алған білімдерін, дағдыларын пайдалану қабілеті; еңбекке дайындықтың, өзгермелі әлеммен табысты өзара іс-қимылдың және одан әрі білім берудің негізін құрайтын негізгі құзыреттерді меңгеру.

Цифрландыру - өмір мен өндірістің түрлі салаларына, оның ішінде білім беру жүйесіне заманауи цифрлық технологияларды енгізу.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Бағдарламаның тақырыбы: «Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұны шеңберінде орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру (T2)».

Бағдарламаның жаңалығы келесідей:

1. **Білім берудің жаңартылған мазмұнына бағдарлану:** бағдарлама ҚР білім берудің қазіргі заманғы мақсаттарын — функционалдық сауаттылықты дамытуды, негізгі құзыреттіліктерді және оқушылардың құндылық-семантикалық тәрбиесін қалыптастыруды кіріктіреді.
2. **Кешенді модульдік тәсіл:** курстың құрылымына нормативтік-құқықтық базаны, заманауи әдістемелерді, цифрлық технологияларды, мәтін-центрлік және құзыреттілік тәсілдерді қамтитын өзара байланысты модульдер енгізілген, бұл орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің тұтас кәсіби дамуын қамтамасыз етеді.
 - **Модуль 1** - жаңартылған білім беру жағдайында орыс тілі мен әдебиеті мұғалімінің миссиясын түсіну үшін қажетті нормативтік-теориялық базаны белгілейді. МЖМБС және үлгілік бағдарламаларды талдау тыңдаушылардың оқытушының алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді жүйелі түсінуін қалыптастырады.
 - **Модуль 2** жаңа ОӘК, олардың құрылымы және заманауи білім беру талаптарына сәйкестігі туралы оқытушының кәсіби рефлексиясын қалыптастыруға бағдарланған. Оқулықтарды талдау оқу материалын және оның дидактикалық әлеуетін сыни тұрғыдан бағалауға көмектеседі.
 - **Модуль 3** педагогикалық технологияларға, соның ішінде сыни ойлауға сүйене отырып, ХХІ ғасырдың дағдыларын қалыптастыру қажеттілігін өзектендіреді. Оқушылармен өзара әрекеттесудің интерактивті және өнімді түрлерін құруға мүмкіндік береді.
 - **Модуль 4** оқытушының цифрлық сауаттылығы мен технологиялық икемділігін қалыптастыруға бағытталған, өйткені білім беруді ақпараттандыру мұғалімнің жаңа цифрлық ортаға, платформаларға және жасанды интеллект құралдарына бейімделуін талап етеді.
 - **Модуль 5** білім беру нәтижелерінің терминологиясы мен құрылымын түсінуді талап етеді. ББД-ларды құзыреттілікке сәйкестендіру оқытушылық тәжірибені қайта қарастыруға көмектеседі.
 - **Модуль 6** орыс тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде функционалдық сауаттылықты бағалаудың нәтижелері мен құралдарын түсінуге ықпал етеді.
 - **Модуль 7** мәтіндер туралы білімді жүйелеуге және оларды оқу процесінде қолдануға көмектеседі.
 - **Модуль 8** оқытушының құндылық білім беру және қазақстандық компонентті интеграциялау саласындағы құзыреттілігін дамытады.
3. **Инновациялық және цифрлық технологияларды интеграциялау:** бағдарлама өзекті цифрлық педагогикалық стратегияларды игеруді, білім беруді цифрландыру міндеттеріне сәйкес келетін ЖИ-құралдармен, мультимедиялық платформалармен жұмыс істеуді көздейді.

4. Білім беру сапасын халықаралық зерттеуге сүйену (PISA, PIRLS): бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын, оның ішінде оқырмандық сауаттылығын дамытуға бағытталған модульдерді қамтиды, бұл орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін халықаралық стандарттарға жақындатады.

5. Мәтінцентрлік тәсілді есепке алу: жаңасы - үздіксіз және мультимодальды мәтіндерді жүйелі түрде қосу, бұл ақпаратты талдау, деректермен жұмыс істеу, оқушыларда сыни ойлауды қалыптастыру дағдыларын өзектендіреді.

6. Құндылық компоненті және қазақстандық бірегейлік: бағдарлама тіл мен әдебиеттің тәрбиелік әлеуетіне назар аударады, азаматтық бірегейлік пен рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыру басымдықтарына сәйкес келетін құндылықтар шкаласы модулін қамтиды.

7. Тәжірибеге бағдарланған сипат: әрбір модуль мазмұнды оқытудың нақты жағдайларына және тыңдаушылардың жеке кәсіби траекторияларына бейімдеуге бағытталған нақты практикалық тапсырма мен өзіндік жұмысқа сәйкес келеді.

Курстың тақырыбы 80 академиялық сағатқа есептелген және орыс тілі мен әдебиеті (Т2) мұғалімдерінің нақты кәсіби сұраныстарына бағдарланған. 80 сағаттың 20-сы дәрістерге, 24-і практикалық сабақтарға, 36-сы өз бетінше жұмысқа бөлінген. Мұндай тепе-теңдік теориялық түсінуді де, білімді педагогикалық практикаға белсенді трансляциялауды да қамтамасыз етеді. Модуль тақырыптары педагогика, лингводидактика, АКТ және әлеуметтік-мәдени пәндер білімдерін кіріктіреді. Әрбір модуль игеру мен рефлексия деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін қорытынды бақылаудың нақты түріне (коллоквиум, тестілеу, практикалық тапсырма) сәйкес келеді.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІLETІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның мақсаты: білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және құндылыққа бағдарланған тәрбиесін қалыптастыруға ықпал ететін заманауи әдістемелерді, цифрлық және инновациялық тәсілдерді игеру арқылы Қазақстан Республикасындағы орта білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру жағдайында орыс тілі мен әдебиеті (Т2) оқытушыларының кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Бағдарлама міндеттері

1. Тыңдаушылардың жаңартылған білім мазмұнының нормативтік және әдіснамалық негіздерін білуін өзектендіру.

2. Құзыреттілік және мәтінцентрлік тәсілдерді ескере отырып, оқу материалдарын жобалау және бейімдеу қабілетін дамыту.
3. Инновациялық және цифрлық педагогикалық технологияларды, соның ішінде ЖИ-құралдары мен онлайн-платформаларды меңгеру.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру.
5. Оқу процесінде сыни ойлау әдістері мен пәннің тәрбиелік әлеуетін қолдануды қамтамасыз ету.
6. ОӘК және оқу қызметін бағалаудағы рефлексивті және аналитикалық дағдыларды дамыту.
7. Құндылық бағдарлары мен қазақстандық компонентті орыс тілі мен әдебиетін (Т2) оқытуға кіріктіру дағдыларын қалыптастыру.
8. Кәсіби рефлексияға, тәжірибе алмасуға және тиімді тәжірибелерді енгізуге ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер

Оқу қорытындысы бойынша тыңдаушылар:

- 1) жаңартылған білім мазмұнының нормативтік және әдіснамалық негіздері бойынша білімін көрсетеді;
- 2) орыс тілі мен әдебиетін (Т2) оқытудың заманауи әдістемелерін меңгереді;
- 3) құзыреттілікті, мәтінцентрлік және цифрлық тәсілдерді ескере отырып, сабақтарды жобалай алады;
- 4) сыни ойлау технологиялары мен цифрлық педагогика құралдарын қолдануға қабілетті;
- 5) оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды және бағалауды біледі;
- 6) тәрбие және құндылық аспектілерін оқыту процесіне кіріктіреді;
- 7) білім беру міндеттеріне сәйкес ОӘК талдау, іріктеу және бейімдеу дағдыларын игереді;
- 8) әзірленген және сыналған материалдар түріндегі өздерінің педагогикалық тәжірибесін әдістемелік конференцияда ұсынады.

№	Модуль	Күтілетін нәтижелер	Қалыптастырыл атын құзыреттер	Бағалау нысандары
1	М1. Қазіргі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Нормативтік құжаттар	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларын ың талаптарын түсіндіру, интерпретациялау	Теориялық, нормативтік-құқықтық	Коллоквиум, ТӨЖ (терминологияны талдау)
2	М2. Орыс тілі мен әдебиетін оқытудың әдіснамасы мен	ОӘК құрылымын талдау, олардың әдістемелік әлеуетін бағалау	Әдістемелік, аналитикалық	Тестілеу, ТӨЖ (ОӘК сипаттамасы)

	әдістемесі. Жаңа буын ОӘК			
3	М3. Инновациялық технологиялар және сыни ойлау	Сыни ойлау әдістерін қолдану, өнімді сабақтар әзірлеу	Технологиялық, педагогикалық	Коллоквиум, сабақты әзірлеу
4	М4. Білім берудегі цифрлық стратегиялар мен жи	Сандық платформаларды қолдану, олардың тиімділігін бағалау	Цифрлық, технологиялық	Практикум (платформала рға шолу), тест
5	М5. Құзыреттілік тәсіл және ББД-құзыреттер	ББД мен құзыреттілікті салыстыру, құзыреттілік моделіндегі мақсаттарды тұжырымдау	Құзыреттілікті, жобалық	Кесте-салыстыру, коллоквиум
6	М6. Функционалдық сауаттылық, PISA, PIRLS, тіл деңгейін бағалау	Функционалдық сауаттылыққа арналған тапсырмаларды жобалау	Диагностикалық, бағалаушы	СРС (разработка заданий), тест
7	М7. Мәтінцентрлік тәсіл, оқу мәтіндерінің типологиясы	Оқу мәтіндерін құру, оларды оқыту стратегияларын қолдану	Коммуникативті, мәтінцентрлік	Коллоквиум, ТӨЖ (әр түрлі мәтіндері бар сабақтар)
8	М8. Құндылықтар шкаласы және тәрбиелік әлеует	Құндылық компонентін сабаққа кіріктіру, тәрбиелік сипаттағы мәтіндерді таңдау	Құндылықты-мағыналық, тәрбиелік	Тестілеу, әдістемелік әзірлеу

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Білім беру бағдарламасы нормативтік-әдістемелік деңгейден педагогикалық қызметтің қолданбалы аспектілеріне логикалық реттілікпен құрылған 8 тақырыптық модульді қамтиды. Бағдарламаның ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды, оның ішінде:

- 20 сағат — дәріс сабақтары,
- 24 сағат — практикалық сабақтар,
- 36 сағат — самостоятельная работа слушателей.

Әрбір модуль белгілі бір білім, білік, практикалық тапсырмалар жиынтығына, сондай-ақ аралық бақылау нысандарына (тестілеу, коллоквиумдар, ТӨЖ тапсырмалары) сәйкес келеді.

Модуль 1. Қазіргі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Нормативтік құжаттар: МЖМБС, үлгілік бағдарлама. Бастауыш білім беру деңгейінің

«Орыс тілі» (Т2), негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің «Орыс тілі мен әдебиеті» оқу пәндерінің лингводидактикалық ерекшелігі.

- Мазмұны: жаңартылған МЖМБС, үлгілік бағдарламалар, түйінді ұғымдар (құзыреттер, мақсаттар, білім беру деңгейлері).
- Практика: нормативтік құжаттарды салыстырмалы талдау.
- ТӨЖ: типтік бағдарламаларда жаңа ұғымдарды, мақсаттар мен міндеттерді анықтау.
- Бақылау: коллоквиум.

Модуль 2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орыс тілі мен әдебиетін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі. Оқу әдебиеті: ҚР Білім Министрлігі ұсынған «жаңа буын» оқулықтары.

- Мазмұны: әдіснамалық тәсілдер, жаңа оқулықтардың сипаттамасы.
- Практика: әр түрлі баспалардың оқулықтары мен ОӘК-ін талдау.
- ТӨЖ: пайдаланылатын ОӘК таңдау негіздемесі.
- Бақылау: тестілеу.

Модуль 3. Оқытудың инновациялық технологиялары. Сыни ойлау технологиясы: негізгі сипаттамалары, оқыту әдістемесі, оқыту траекториясы. Педагогикалық ынтымақтастық: мұғалім-оқушы.

- Мазмұны: белсенді оқыту әдістері, сыни ойлау технологиясының құрылымы.
- Практика: инновациялық технологияларды жіктеу.
- ТӨЖ: ТКМ қолдану арқылы сабақ фрагментін әзірлеу.
- Бақылау: коллоквиум.

Модуль 4. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқытудың цифрлық педагогикалық стратегиялары мен тактикасы.

- Мазмұны: цифрлық платформалар, ЖИ, мультимедиялық ресурстар.
- Практика: цифрлық құралдарды талдау және олардың педагогикалық әлеуеті.
- ТӨЖ: онлайн-ресурстарды таңдау және негіздеу.
- Бақылау: тестілеу.

Модуль 5. Ана тілі емес тілді үйрету процесіне құзыреттілікті тәсіл: білім парадигмасынан құзыреттілік моделіне дейін. Құзыреттілік оқытудың мақсаты мен нәтижесі ретінде.

- Мазмұны: білім мен құзыреттілік тәсілінің айырмашылығы, құзыреттіліктің жіктелуі.
- Практика: «ББД – құзыреттілік» сәйкестігі кестесі.

- ТӨЖ: ғылыми-әдістемелік әдебиеттермен жұмыс.
- Бақылау: коллоквиум.

Модуль 6. Функционалдық сауаттылық және білімді бағалаудың деңгейлік жүйесі. PIRLS, PISA халықаралық зерттеулері. Орыс тілін меңгерудің сертификаттау деңгейлері жүйесі.

- Мазмұны: PISA принциптері, PIRLS, T2 меңгерудің сертификаттау деңгейлері.
- Практика: оқу сауаттылығына тапсырмалар әзірлеу.
- ТӨЖ: функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша сабақты жобалау.
- Бақылау: тестілеу.

Модуль 7. Оқытудағы мәтінцентрлік тәсіл: үздіксіз және үзікті, көркем және көркем емес мәтіндер. Оқу мәтіндерінің типологиясы.

- Мазмұны: мәтіндердің типологиясы, көркем және көркем емес мәтіндермен жұмыс істеу әдістері.
- Практика: үздіксіз мәтіндерді құрастыру, оларды оқыту әдістемесі.
- ТӨЖ: әр түрлі мәтіндерге негізделген сабақтар.
- Бақылау: коллоквиум.

Модуль 8. Құндылықтар шкаласы: анықтамасы, жіктелуі, тәрбиелік әлеуеті, оқу процесінде қолданылуы.

- Мазмұны: құндылықтар ұғымы, қазақстандық компоненттің интеграциясы.
- Практика: тәрбиелік мазмұны бар сабақтың үзіндісін әзірлеу.
- ТӨЖ: құндылық тәрбиесіне бағдарланған әдістемелік және мәтіндік материалдарды тандау.
- Бақылау: тестілеу.

9. Қорытынды әдістемелік конференция

- Курс тыңдаушыларының баяндамалары
- Авторлық әдістемелік әзірлемелердің таныстырылымы
- Пікірталас: педагогикалық тәжірибе алмасу
- Рефлексия

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Бағдарлама осы Бағдарламаның 1-қосымшасында келтірілген оқу жоспары бойынша оқытуды көздейді. Оқу жоспары интеграцияланған дайындық элементтері бар орыс тілін оқытудың коммуникативтік әдісіне сүйене отырып кәсіби құзыреттілікті арттыруды қамтиды.

6.2. Бағдарлама мұғалімдердің орыс тілін оқыту әдістемесінің ерекшеліктері, оқу материалын таңдау және ұйымдастыру принциптері туралы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Курс материалдары көпмәдениетті өзара іс-қимыл жағдайына бағдарлану, білім алушылардың тілін меңгеру деңгейін ескере отырып, заманауи білім беру технологияларын практикада қолдану қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

6.3. Бағдарлама бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне, жалпы білім беретін мектептер мен колледждердің орыс тілі мұғалімдеріне арналған.

6.4. Оқыту формасы: аралас (blended) және күндізгі (F2F). Бағдарлама қысқамерзімді және 80 академиялық сағатқа есептелген, оның ішінде 20 – дәрістер, 24 сағат - практикалық сабақтар, 36 сағат ТӨЖ. Академиялық сағат 45 минутқа тең. Тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау әдістемелік конференция нысанында, өткен курстардың тақырыбы бойынша баяндамаларды әзірлеу және қорғау арқылы жүргізіледі.

6.5. Бағдарламаны игеру мерзімі білім беру ұйымының тыңдаушысымен арадағы білім туралы шартта айқындалады. Оқуды сәтті аяқтағаннан кейін берілетін құжат: сертификат. Қосымша кәсіби бағдарламаны сәтті игерген және қорытынды аттестаттаудан өткен тыңдаушыларға қолдан жасаудан қорғалған полиграфиялық өнім болып табылатын бланкіде белгіленген үлгідегі біліктілікті арттыру туралы сертификат беріледі. Форс-мажорлық мән-жайлар мен аттестаттаудан өтпеген жағдайлар тыңдаушымен арада жасалған шартта жазылады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

7.1. Оқыту орыс тілін оқытудың келесі әдістемелік негіздерін түсінуге, талдауға және игеруге бағытталған «Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімінің» 10-тарауында ұсынылған оқу-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- ҚР-да жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде орыс тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді әдіснамалары мен әдістері.
- Орыс тілін оқытудың коммуникативті әдісі/екі тілді тілдік білім. Сөйлеу әрекетінің формалары мен түрлері. Сөйлеу әрекетінің рецептивті және өнімді түрлерін оқыту.
- Тілдік және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға құзыреттілікті тәсіл. Құзыреттілік оқытудың мақсаты мен нәтижесі ретінде. Функционалдық сауаттылық.
- Коммуникативті біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға мәтінцентристік көзқарас. Оқу мен жазуды үйрену. Оқу механизмдері, формалары, түрлері. Мәтінді түсіндіру дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу - сөйлеу әрекетінің ауызша, өнімді түрі ретінде. Топтық жұмыс.
- Орыс тілі мен әдебиеті оқулығының тұжырымдамалық негіздері «жаңа буын» оқулықтарын, оқу құралдарын талдау.

- Білім беру саласындағы цифрландыру. Орыс тілі мен әдебиеті сабақтарындағы оқытудың ақпараттық және интерактивті әдістері. Жасанды интеллект мүмкіндіктері.
- 7.2. Болжалды жаттықтырушылар: жаттықтырушы ретінде жетекші мамандар-филологтар, әдіскерлер, сарапшылар, «мұғалім-шебер» біліктілігі бар педагогтар, оқулықтар мен үлгілік бағдарламалардың авторлары тартылады.
- 7.3. Оқу материалын игеру бойынша тапсырмаларды, олардың өзін-өзі бағалау критерийлерін топтың құрамы мен сабақты өткізу нысанын ескере отырып, бағдарламаға сәйкес жаттықтырушы-оқытушылар құрамы әзірлейді. Сабақ сценарийін «Study Inn ХБАЖСО» басшысы сабақ басталғанға дейін 2 күннен кешіктірмей тексереді.
- 7.4. Аралық және қорытынды бақылау оқу жоспарында көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады. Кері байланыс. Диагностикалық материалмен жұмыс істеу әдістемесі.
- 7.5. Оқыту «Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» 10-тарауында ұсынылған оқу-әдістемелік әдебиеттерді пайдалана отырып жүзеге асырылады.

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

- 8.1. Оқыту нәтижелерін бағалау дегеніміз қорытынды әдістемелік конференция шеңберінде баяндамаларды қорғау нысанында осы біліктілікті арттыру курстарынан өту қорытындылары бойынша педагогтерді қорытынды бағалау.
- 8.2. Бұл курс сыртқы қорытынды бағалауды қамтымайды, өйткені курстың көлемі 108 сағаттан аз. Бағалау келесілерден тұрады:
- тестілеу (20 сұрақ) - 20 балл;
 - практикалық жеке жұмыстарды орындау - 15 балл (модульдер тақырыбына және өткізілген сабақты талдауға сәйкес сабақтың егжей-тегжейлі жоспарын әзірлеу);
 - коллоквиум бекітілген критерийлерге сәйкес - 15 балл
- 8.3. Егер балл жеткіліксіз болса, мұғалім тестті екі рет тапсыра алады. Жалпы балл саны - 50, өту балы - 30. Тесттен сәтті өткен курс тыңдаушысы мемлекеттік үлгідегі сертификат алады. Сертификат үлгісі 5-қосымшада.
- 8.4. Біліктілікті арттыру бағдарламасында өзінің ілгерілеуін түсіну үшін тыңдаушы курстардың бірінші күнінде кіру тестілеуінен өтеді. Кіру тестілеуі осы біліктілікті арттыру бағдарламасы бойынша тыңдаушылардың оқуға дайындығының бастапқы деңгейін айқындау мақсатында компьютерлік тест нысанында жүргізіледі.
- 8.5. Компьютерлік тестілеу 10 тапсырмадан тұрады (жабық 7/ашық 3 сұрақ), 30 минутта орындалады. тест тапсырмалары «Study Inn» ХБАЖСО электрондық платформасында орналастырылған.

9. КУРСТАН KEЙІНГІ CҮЙЕМЕЛДЕУ

9.1. Педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу олардың курстан кейінгі қызметіне үздіксіз мониторинг жүргізу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесін қамтиды.

9.2. Курстан кейінгі сүйемелдеу "Сабақты зерттеу" негізінде құрылған. Білім беру сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыс педагогтар қызметінің сапасымен байланысты болады. Педагог ХБАЖСО-ға сабақ жоспарын (4-қосымша), өзін-өзі бағалау нысанын (4-қосымша) және қатысудың және әріптестерімен талқылаудың нәтижесін ұсынады. Мұғалім сабақты зерттеу бойынша «Study Inn ХБАЖСО»-дан кеңес сұрай алады, Орталық оқытушыларын сабаққа шақыра алады немесе талқылау үшін бейне сабақ бере алады.

9.3. Курстан кейінгі мониторинг - бұл педагогикалық практиканың нақты жағдайын курстар бағдарламасының күтілетін нәтижелерімен, оның ішінде қашықтықтан салыстыру мақсатында сертификатталған мұғалімдердің курстан кейінгі қызметін бақылау және бағалауға байланысты іс-шаралар. Мониторинг педагогтерге сауалнама түрінде жүргізіледі. Сауалнама GOOGLE платформасында GOOGLE формасы түрінде орналасқан.

9.4. Әдістемелік қолдау осы мақсатта ұйымдастырылған Telegram және WhatsApp әлеуметтік желілеріндегі топтар арқылы жүзеге асырылады. Әдістемелік қолдау айына 1 рет кезеңділікпен «STUDY INN» халықаралық білім беру холдингінің оқыту семинарлары арқылы жүзеге асырылады. «STUDY INN» халықаралық білім беру холдингінің әрбір әдістемелік семинарының ұзақтығы - тиісті сертификат беру арқылы, 3 сағат.

9.5. Әдістемелік семинарға қатысу ерікті негізде аралас форматта жүзеге асырылады: онлайн және офлайн. Офлайн: Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 а. Онлайн: алдын ала тіркеу бойынша ZOOM платформасында.

10. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиет

1. Адскова, Т.П., Адскова, Н.П. Использование технологий сотрудничества при обучении навыкам функционального чтения // Довузовский этап обучения в России и мире: язык, адаптация, социум, специальность: Сборник статей I Международного конгресса преподавателей и руководителей подготовительных факультетов: в 2 частях. Часть 1. — М.: Российский университет дружбы народов (РУДН), 2017. — 437 с.
2. Азимов, Э.Г., Щукин, А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий. — М.: РУССКИЙ ЯЗЫК. КУРСЫ, 2018. — 448 с.
3. Бейсенова, Ж.С., Утегенова, Д.И. Инновационные технологии в обучении языкам: критическое мышление // Вестник КазНУ. Серия филологическая. — 2016. — №1(159). — С. 81-87.
4. Единый языковой стандарт обучения трем языкам. — Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017. — 93 с.
5. Инструментарий PIRLS и технология его оценивания // Сборник. — Астана: АО ИАЦ, 2017. — 92 с.

6. Новосельцева, Н.В. Как подготовить урок русского языка: рекомендации учителю с точки зрения функционального чтения [Электронный ресурс] / Н.В. Новосельцева // Современные проблемы науки и образования. — 2020. — № 6. — Режим доступа: <http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=30318>
7. Салханова, Ж.Х. Компетентность и компетенции. Монография. — Алматы: Казак университеті, 2017, 250 с.
8. Салханова, Ж.Х. Структурные особенности речевой деятельности в контексте теории коммуникации. Вестник КазНУ. 2019. - № 2. С. 176-184.
9. Салханова, Ж.Х. Технология обучения или технологический подход? Наука и жизнь Казахстана. - 2019. -№ 4. С.117-121.
10. Шаршова, Р.Н., Салханова, Ж.Х., Наубай, Б.Н. THE USE OF DIGITAL LEARNING TECHNOLOGIES IN THE DISCIPLINES OF THE PHILOLOGICAL CYCLE. — Вестник Международного Туркестанского университета имени Ясауи. № 4(104)/2024. С.375-388.

Қосымша әдебиет

